

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ
АҚЖАР АУДАНЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
12 ж. "14" қыркүйек
ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
№ 950840 000 726
1999 ж. "09" тамыз
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ



Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің
2012 жылғы «24» тамыздағы № 228
қаулысымен бекітілген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ
АҚЖАР АУДАНЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ
20 12 ж. "14" қыркүйек
ЗАНДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ
№ 89 -1948-16-К/ММ күәлік
1999 ж. "09" тамыз
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Солтүстік
Қазақстан облысы әкімдігінің «Ленинград ауыл шаруашылық колледжі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ

Ленинград селосы

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Ленинград ауыл шаруашылық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) жастардың кәсіптік білім алуына, жұмысшы кадрларды кәсіптік даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға деген қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға мәртебесі бар коммерциялық емес ұйым болып табылады.

1.2. Мекеменің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Баланың құқығы туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңдарына және басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

1.3. Мекеменің құрылтайшысы Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.

Уәкілетті органның заңды мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы

150011 Солтүстік Қазақстан облысы

Петропавл қаласы

Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

Мекемені басқару органы Солтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы (бұдан әрі - Басқару органы) болып табылады.

Мемлекеттік басқару органының заңды мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы

Солтүстік Қазақстан облысы

150011 Петропавл қаласы

Қазақстан Конституциясы көшесі, 58.

1.4. Мекеменің толық атауы:

Мемлекеттік тілде – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Ленинград ауыл шаруашылық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Орыс тілінде – Коммунальное государственное учреждение «Ленинградский сельскохозяйственный колледж» акимата Северо-Казахстанской области Министерства образования и науки Республики Казахстан.

1.5. Мекеменің орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы

Солтүстік Қазақстан облысы

150214 Ақжар ауданы,

Ленинград ауылы,

Кенесары көшесі 86

2. МЕКЕМЕНІҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1. Мекеме мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға мәртебесіне ие болады.

2.2. Мекеменің Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес банктерде өзіндік балансы, шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттің елтаңбасы бейнеленген кәсіпорынның атауы жазылған дөңгелек мөрі, бланктері болады.

2.3. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

2.4. Мекеме жасайтын азаматтық-құқықтық мәмілелер Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен тіркелуі тиіс.

2.5. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өз қарауындағы ақшаға жауап береді. Олар жеткіліксіз жағдайда мемлекеттік мекеме міндеттемесі бойынша субсидиарлы жауапкершілікке Қазақстан Республикасы немесе Уәкілетті орган ие.

Мекеменің тиісті қаржылық жылға бекітілген қаржыландыру жоспарынан асатын шарттық міндеттемелерді қабылдауына тыйым салынады.

2.6. Мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ

3. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАН

3.1. Мекеме негізгі орта және жалпы орта білім беру базасындағы техникалық және қызмет көрсету еңбегінің білікті кадрларын даярлау бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің; жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік білім беру базасындағы орта білімнен кейінгі білім берудің жалпы орта және кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік білім беру мекемесі болып табылады, заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттерін пайдаланады.

Мекеме оқушылардың қызығушылығын, бейімділігі мен қабілетін ескере отырып, кәсіптік оқытуға және техникалық, қызмет көрсету және басқару еңбегінің мамандарын қайта даярлау және біліктілігін арттыруға құқылы.

3.2. Мекемедегі білім беру үдерісі мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылуы мүмкін.

3.3. Мекемеде саяси партиялардың ұйымдастырушылық құрылымдарын, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстар мен ұйымдарды құруға және олардың әрекеттеріне жол берілмейді.

4. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ

4.1. Мекемені қызметінің мәні техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейін білім беру бағдарламасы бойынша оқу процесін ұйымдастыру, білім беру қызметін көрсету, ұлттық және жалпы адамгершілік құндылықтар,

ғылым мен практика жетістіктерінің негізінде жеке тұлғаны дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған техникалық, кәсіптік білім алуға және орта білімнен кейінгі білім алуға қажетті жағдай жасау.

4.2. Мекеме қызметінің негізгі мақсаты:

4.2.1. Республиканың мамандарға деген әлеуметтік-экономикалық сұранысын, сонымен қатар азаматтардың таңдаған қызмет саласындағы зияткерлік, мәдени, білімдік және кәсіптік дамуын қанағаттандыру, бюджеттік және басқа да қаржыландырудың балама қаражатын барынша тиімді пайдалану, оқу-материалдық базаны дамыту және нығайту.

4.2.2. Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті жұмысшылар даярлау, олардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау, босатылған қызметкерлерді, жұмыспен қамтылмаған халықты қайта оқыту.

4.2.3. Жоғары сапалы кәсіптік және жалпыбілімдік даярлықты қамтамасыз ету.

4.2.4. Жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру.

4.2.5. Азаматтықты, өз Отаны Қазақстан Республикасына деген отан-сүйгіштікті дамыту, Мемлекеттік рәміздерді қадір тұтуға, халықтық салт-дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.

4.2.6. Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін қалыптастыру.

4.2.7. Әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс және шет тілдерін меңгеру.

4.2.8. Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру.

4.2.9. Мемлекеттік білім беру стандарттарына жауап беретін мерзім мен деңгейде оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша оқыту.

4.2.10. Оқыту, әдістемелік, консультациялық және ғылыми материалдарды (оқу жоспарлары, құралдары, конспект, бағдарлама, дәрістер және т.б.) әзірлеу, басып шығару және оларды іске асыру.

4.2.11. Конференциялар, семинарлар, көрмелер ұйымдастыру және өткізу.

4.3. Мекеме жалпы білім беретін мектептерге кәсіптік бағдар беруде, оқушыларды еңбекке баулуда және тәрбиелеуде жәрдем көрсетеді, оқушылардың қоғамдық және пайдалы еңбегіне оқу-өндірістік шеберханаларды белгіленген тәртіпте ұсынады.

4.4. Мекеме талапкерлерге дайындық курсы ашуға құқылы. Бұл курстар өз қызметін өзін-өзі өтеушілік қағидатында жүзеге асырады.

4.5. Мекеме өз қызметін бюджет қаржысы есебінен немесе Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін ақылы қызмет көрсету есебінен, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес күндізгі немесе кешкі оқыту нысандарында жүзеге асырады.

4.6. Мекеменің еңбекке ынталандырудың өз тәртібін әзірлеуге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндірістік, кооперативтік және басқа да қызметтер түрлерін ұйымдастыруға құқығы бар.

4.7. Мекеме мемлекет алдында студенттің әлеуметтік қорғалуына жауапты болады, оқушылардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға кепілдік беретін жағдайлар жасайды.

4.8. Мекеме заңнамада белгіленген тәртіппен отандық және шетелдік кәсіпорындармен, оқу орындарымен, ұйымдар және фирмалармен тікелей байланыс орнатуға құқылы.

4.9. Мекеме студенттерге медициналық қызмет көрсетуге берілген лицензияға сәйкес бірінші (дәрігерге дейінгі) дәрігерлік-санитарлық көмек көрсетеді.

5. МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ МҮЛКІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

5.1. Мекеме мүлкі уәкілетті орган берген мүлік есебінен қалыптастырылады және негізгі қор мен айналым қаражатынан, сондай-ақ құны мемлекеттік мекеме теңгерімінде көрсетілген басқа да мүліктен құралады.

5.2. Мекеменің мүлкі оған жедел басқару құқығында тиесілі және коммуналдық меншікке жатады.

Мекеме шұғыл басқару құқығында Жарғылық қызметті қамтамасыз етуге қажет мүлікке ғана ие.

5.3. Ауыл шаруашылық мамандық бойынша оқитын оқушылар ауылшаруашылық техника және ауыл шаруашылық дақылдарды өсіретін агротехникада жұмыс істеу барысында практикалық дағдыларға оқыту мақсатында, ауыл шаруашылық дақылдарды өндіру және ауыл шаруашылығын дамыту үшін және осы қаражатты материалдық-техникалық базаны бекітуге бағытталған, Мекеме қосалқы шаруашылық (егістік жері бар) ұйымдастырады.

5.4. Мекеме заңнамаға сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есептеме ұсынады.

5.5. Мекеме қызметін қаржы-шаруашылық тексеру және ревизия жасауды заңнамамен белгіленген тәртіпте басқаруды жүзеге асыратын орган жүргізеді.

5.6. Мекеменің смета бойынша өзіне берілген қаражат арқылы сатып алынған мүлікті, өзіне бекітілген мүлікті иеленуге немесе иеліктен айыруға құқы жоқ.

5.7. Мекеме Уәкілетті органның келісімінсіз мүлікті кепілге қойып, жалға бере алмайды, сата алмайды.

5.8. Мекеме мемлекеттік басқару органымен бекітілген жергілікті және республикалық бюджет есебінен шығыс сметалар негізінде қаржыландырылады.

5.9. Мекеменің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бюджеттен тыс қаражатты тарту үшін кәсіптік білім беруді ұйымдастыру бойынша (даярлау, кәсіптік және техникалық мамандардың

білімдерін жетілдіру және қайта даярлауға) ақылы білім қызметін көрсетуге құқы бар.

5.10. Мекеменің оқу-материалдық базасының дамуы бюджеттік ассигнациялау және меншікті бюджеттен тыс қаражат шегінде жүзеге асырылады. Осы қаражат есебінен Жарғымен қаралған, оқытуға және халыққа қажетті өнімдер, тауарлар мен басқа да қызметке арналған тауарларды өндіруге шикізат пен материалдар сатып алу жүзеге асырылады.

6. ЗАНДЫТҰЛҒА ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК БОЙЫНША УӘКІЛЕТТІ ОРГАНМЕН ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНМЕН СӘЙКЕС САЛАЛАРДАҒЫ УӘКІЛЕТТІ ОРГАНМЕН ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНМЕН ЗАНДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ӘКІМШІЛІГІМЕН ЖӘНЕ ҰЖЫМЫМЕН АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС.

6.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Ленинград ауыл шаруашылық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Білім және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Ленинград ауыл шаруашылық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және Солтүстік Қазақстан облысы Білім Басқармасы мемлекеттік мекемесі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Ленинград ауыл шаруашылық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және еңбек ұжымымен арасындағы қарым қатынас Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес анықталады.

7. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

7.1. Мекемедегі білім беру үдерісі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес келесі оқу бағдарламаларында жүзеге асырылады:

- кәсіптік және техникалық білім:

1) бұқаралық кәсіптік техникалық және қызмет көрсету бойынша еңбекке баулу жөніндегі кадрларды дайындау;

2) кәсіптік қызмет пен жоғары технологиялармен байланысты экономиканың барлық саласындағы жұмысты орындау барысында күрделі (аралас) мамандықтар мен тәжірибелік дағдыларды меңгеру;

- орта білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламалары.

7.2. Білім беру процесіне теориялық сабақтар мен өндірістік оқу шеберінің жетекшілігімен оқу полигондары мен шаруашылықтары, оқу-өндірістік шеберханалары енеді.

7.3. Мекеме қолданыстағы кәсіптер пен мамандықтар тізбесі негізінде еңбек нарығының сұранысына сай есеппен жаңа кәсіптер бойынша кадрлар дайындығын жедел өрістетуге құқы бар.

7.4. Мекеме өз мүмкіндіктеріне қарай және студенттердің сұранысы бойынша оқыту (үйрену) тілін өз еркімен белгілейді.

7.5. Мекемеде оқу жылы 1 қыркүйекте басталып, 1 шілдеден кешікпей аяқталады. Жергілікті жағдайларға байланысты оқудың басталуы мен аяқталуының басқа да мерзімдері белгіленуі мүмкін. Студенттердің кейбір санаттары үшін оқудың басталуы оқу тобының жинақталуына тапсырыс беруші кәсіпорындармен шарт жасауға сәйкес жүзеге асырылады.

7.6. Оқу топтары мамандықтарға байланысты 25-30 студенттен жинақталады. Апталық жүктеме оқу жоспарымен белгіленеді. Толық оқу жылында демалыс күндері 10 аптадан кем болмауы тиіс. Жұмыс беруші-тапсырыс берушілердің қаржысына кадрларды даярлау және қайта даярлау жағдайында оқу топтарының толықтырылуы шартқа сәйкес оқу орны тарапынан белгіленеді.

7.7. Мекемеде теориялық және өндірістік оқытуды ұйымдастырудың негізгі нысаны сабақ болып табылады. Сонымен қатар, дәрістер, семинар сабақтар, сұхбаттасу, кеңестер, өздік зертханалық-тәжірибелік, факультативтік жұмыстар жүргізіледі.

7.8. Қазақ тілі мен шет тілдерін үйрету кезінде, зертханалық және тәжірибелік жұмыстар жүргізу барысында оқу тобы 8 адамнан кем болмайтын шағын топтарға бөлінуі мүмкін. Теориялық оқыту сабағының ұзақтығы 45 минут, қажетті жағдайларда 2 сабақтан кейінгі 5-10 минуттік үзіліспен қосылған сабақтар жүргізілуі мүмкін.

7.9. Өндірістік оқытуын жүргізу мақсатында Мекеме оқу шаруашылықтарын және оқу полигондарын ұйымдастырады.

7.10. Студенттер өндірістік тәжірибеден Қазақстан Республикасы кәсіпорындарында өтеді. Оқу тәжірибелері Мекеменің оқу өндірістік шеберханаларында жүзеге асырылады.

7.11. Бағдарламаны табысты игеру, білім, білік, дағды сапасы - 5 (өте жақсы), 4 (жақсы), 3 (қанағаттанарлық), 2 (қанағаттанарлықсыз) балдарымен бағалынады. Студенттердің білімін бағалаудың әдістері мен тәсілдерін Мекеме ендігінен жүзеге асырады.

7.12. Мекемеде кәсіптік дайындық дағдыларын игеруді ұдайы бақылау мақсатында, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес студенттерді кезең-кезеңмен аттестаттау жүргізіледі.

7.13. Бағдарлама аясындағы қарастырылған пәндер бойынша қанағаттанарлықсыз бағалар алған студенттер үшін қарыздарын жоюға жағдайлар жасалады.

7.14. Қорытынды аттестацияға оқудың толық курсы аяқтаған, өндірістік оқыту және кәсіби цикл пәндерінен жақсы бағалар алған студенттер жіберіледі. Белгіленген ауру тізбесіне сәйкес медициналық комиссияның анықтамасы негізінде студенттер емтихан тапсырудан босатылуы мүмкін.

7.15. Мекемеде студенттерді келесі курсқа көшіру тәртібі, ағымдағы, аралық және қорытынды аттестация негізінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

7.16. Оқуды тамамдаған студенттерге мемлекеттік үлгідегі білім алғандығын куәландыратын мемлекеттік стандарт талаптарына сай диплом беріледі.

8. ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ

8.1. Мекемеге оқуға қабылдау азаматтардың өтініштері бойынша конкурс негізінде жүзеге асырылады. Конкурс шарты білім құқығын сақтауға және сәйкес деңгейде кәсіптік оқу бағдарламаларын игеруге дайын, қабілетті азаматтардың оқуға түсуін қамтамасыз етуге кепілдік беруі тиіс.

8.2. Мекемеге студенттерді қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын Тұрпаттық қабылдау қағидасына сәйкес жүргізіледі.

9. МЕКЕМЕНІҢ ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫ

9.1. Педагог қызметкерлерге Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілгендердің мұқабалар тізбесімен анықталған тұлғалар жатады.

9.2. Педагогикалық қызметпен айналысуға сәйкес бейіні бойынша арнайы педагогикалық және кәсіптік білімі бар тұлғалар жіберіледі.

9.3. Мекемеге педагогикалық қызмет атқаруға сот үкімімен және медициналық қорытынды бойынша тыйым салынған, сондай-ақ белгіленген заңнама тәртібінде сотталу мерзімі өтелмеген немесе алып тасталынбаған сотталған тұлғалар қызмет істеуге жіберілмейді.

9.4. Мекеме қызметкері және әкімшілік арасындағы қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес жасалған еңбек шартымен реттеледі.

9.5. Мекемедегі педагог қызметкерлердің құқықтары:

9.5.1. кәсіптік қызмет үшін жағдайлармен қамтамасыз ете отыра, педагогикалық қызметпен айналысу;

9.5.2. педагогикалық тәжірибеге жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізу, тәжірибелік - сынақ жұмыстарымен, ғылыми – зерттеулермен айналысу;

9.5.3. жеке педагогикалық қызмет;

9.5.4. білімнің сәйкес деңгейінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты талаптарын сақтаған жағдайда педагогикалық қызметтің нысандары мен тәсілдерін еркін таңдау;

9.5.5. білім ұйымдары басқару органының алқа ұйымы жұмысына қатысу;

9.5.6. біліктілігін кем дегенде бес жылда бір рет жоғарылату, ұзақтығы төрт айдан аспауы тиіс;

9.5.7. санатын көтеру мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттау;

9.5.8. педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін мемлекеттік марапаттау, мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйақылар және шәкіртақылар түрінде моральдық және материалдық көтермелеу;

9.5.9. өзінің кәсіптік ар-намысын және абыройын қорғау;

9.5.10. әскер қатарына шақыртудың мерзімін ұзарту;

9.5.11. педагогикалық өтілін сақтай отырып, ғылыми жұмыспен айналысу үшін шығармашылық демалыс алу;

9.5.12. білім ұйымы әкімшілігінің шешімдері мен бұйрықтарына шағым жасау.

9.6. Педагог қызметкерлер міндетті:

9.6.1. өзінің кәсіби құзыретіне сәйкес теориялық және практикалық білім мен дағдыларды игеруге;

9.6.2. мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты талабына сәйкес сипаты біліммен қамтамасыз етуге;

9.6.3. оқушыларды жоғары рухани ізгілікке, ата-аналарын құрметтеуге, этноәдеби құндылықтарға, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу;

9.6.4. оқушылардың бойында өмірлік дағдыларды, жан-жандылықты, дербестікті, шығармашылық қабілетті арттыру;

9.6.5. өзінің кәсіби шеберлігін, интеллекті, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі арттырып отыру;

9.6.6. кем дегенде бес жылда бір рет аттестаттаудан өту;

9.6.7. педагогикалық этика нормаларын сақтау;

9.6.8. оқушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының ар-намысы мен абыройын құрметтеу.

Педагогикалық этика нормалары мен міндеттерін бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасы заңдары мен еңбек шартында қарастырылған заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

9.7. Педагог кадрларды таңдау мен орналастыру жұмысын ілгеріде ынталандыру мақсатында кезеңдік аттестаттау жүргізіледі, лауазымдық жалақыны төмендету немесе көтеру, лауазымдық жалақыға қосылған үстеме ақыны алу немесе өзгерістер енгізу, лауазымды жоғарылату немесе қызметтен босату туралы шешімдер қабылданады.

9.8. Педагог қызметкерлерді жұмыстан босату Қазақстан Республикасының еңбек туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

10. МЕКЕМЕНІ БАСҚАРУ

10.1. Мекеменің құзыретіне мыналар енеді:

10.1.1. Мекемеге мүліктер бекіту;

10.1.2. Мекеме Жарғысын бекіту, сонымен қатар Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

10.1.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктер.

10.1.4. Мекемені жалпы басқаруды Басқару органы жүзеге асырады. Басқару органы белгіленген заңнама тәртібінде келесі қызметтерді жүзеге асырады:

10.1.5. оны ұстауға арналған сметаны (шығын жоспары) бекітеді;

10.1.6. Мекеменің басқару органының өкілеттік мерзімін, қалыптасу, шешім қабылдау тәртібін, құрылымын анықтайды;

10.1.7. Мекеме басшысының құқығын, міндеттері мен жауапкершілігін, оның қызметінен босатылу негізін анықтайды;

10.1.8. Мекеменің шекті штат санын және құрылымын бекітеді;

10.1.9. жылдық қаржылық есеп беруді бекітеді;

10.1.10 заңнамамен белгіленген басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

10.2. Мекемені басқарудың алқалы органдары болып Педагогикалық кеңес, Қамқорлық кеңесі саналады, олар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен типтік ережелерге сай құрылады және жұмыс істейді.

10.3. Мекемеге тікелей директор басшылық етеді, оны қызметке қалыптастыруға заңнамаға сәйкес мемлекеттік басқару органы тағайындайды және босатады.

Директордың заңнамамен белгілеген тәртіпте мемлекеттік басқару органының келісімімен қызметінен босатылатын және тағайындалатын органдары болады.

Мекеме директоры:

10.3.1. басқару құрылымы, штат кестесі, білім беру ұйымы қызметтерінің лауазымдық міндеттерін бекітеді;

10.3.2. оқушылар контингентін құрастырады, олардың әлеуметтік жағдайын қамтамасыз етеді;

10.3.3. техникалық және кәсіптік білім беру мекемесіндегі жұмыс үшін қажетті жағдайлардың: қоғамдық тамақтану, медициналық қызмет көрсетулердің болуын және олардың жұмыстарына бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

10.3.4. әлеуметтік әріптестермен, жұмыс берушілермен жұмысты үйлестіреді;

10.3.5. санитарлық-гигиеналық тәртіп ережелерін сақтауды, оқу-материалдық базаларын толтыру мен сақтауды, есеп берулерді қамтамасыз етеді, бар мүліктер мен құралдарға иелік етеді;

10.3.6. материалдық-техникалық базаны қайта құру және қайта қалпына келтіруді ұйымдастырады;

10.3.7. педагогикалық кеңес жұмысына басшылық етеді;

10.3.8. білім беру ұйымдарында білім беру қызметтерінің аясын кеңейту және қолдау мақсатында білімнің жаңашыл технологияларын тарту мен енгізуді қамтамасыз етеді;

10.3.9. кадрларды іріктейді және орналастыруды жүзеге асырады, педагогикалық және тәрбиелік үдерістің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді, олардың кәсіби шеберлігін және біліктілігін көтеру үшін жағдай жасайды;

11.3.10. үзіліссіз кәсіптік оқыту бойынша білім беру ұйымдарымен бірге жұмыс істеу үшін жалпы басшылық етуді жүзеге асырады;

11.3.11. қоғаммен байланысты қамтамасыз етеді, ата-аналармен (оларды алмастыратын тұлғалармен) жұмысты үйлестіреді;

11.3.12. білім беру ұйымын жоғары тұрған, қоғамдық және басқа да ұйымдарда ұсынады;

11.3.13. халықаралық ынтымақтастық пен әлеуметтік серіктестікті кеңейту бойынша шараларды жүзеге асырады;

11.3.14. уәкілетті органға (құрылтайшыға) ғылыми және қаржы қызметтері, оқу нәтижелері туралы жыл сайынғы есептерді ұсынады;

11.3.15. еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникалары мен қауіпсіз еңбек жағдайларын құру бойынша заң талаптары мен басқа да құқықтық акт нормалары талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

11.4. Мекеме директоры Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіп бойынша мыналарға жауапты:

11.4.1. білім беру ұйымындағы оқушылардың, тәрбиеленушілердің және қызметкерлердің құқығы мен бостандығының бұзылмауына;

11.4.2. өз құзырына жататын міндеттерді орындауға;

11.4.3. білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарының бұзылмауына;

11.4.4. оқу және тәрбиелеу үдерісі уақытында білім беру ұйымдарындағы қызметкерлер мен тәрбиеленушілердің, оқушылардың денсаулығы мен өміріне;

11.4.5. қаржылық-шаруашылық қызмет жағдайына, соның ішінде материалдық және ақшалай қаражаттарды мақсатсыз пайдалану жағдайына;

11.4.6. еңбек шартындағы шарттар мен нормативті-құқықтық актілерде қарастырылған басқа да талаптардың бұзылуына жол бермеуге.

II. МЕКЕМЕНІҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРМЕН ҚАТЫНАСТАРЫН РЕСІМДЕУ ТӘРТІБІ

11.1. Мекеменің білім алушылармен және олардың ата-аналарымен, басқа да заңды өкілдерімен қарым-қатынас жасау тәртібі қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

11.2. Мекеме студенттерінің құқығы:

11.2.1. мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес таңдаған мамандығы бойынша сапалы орта білімнен кейін, техникалық және кәсіптік білім алуға;

11.2.2. білім ұйымы кеңесінің шешімі бойынша қысқартылған оқу бағдарламасымен, мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары аясында және оқу жоспары бойынша білім алуға;

11.2.3. оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстарды таңдауға;

11.2.4. өз бейімділігі мен қажеттілігіне сәйкес ақылы төлем негізінде қосымша білім алуға;

11.2.5. білім ұйымын басқаруға қатысуға;

11.2.6. бір оқу нысанынан басқа оқу нысанына, бір мамандықтан басқа мамандыққа, бір оқу орнынан басқа оқу орнына ауысуға және көшуге;

11.2.7. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіпте оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар, оқулықтармен қамтамасыз етуге, білім беру ұйымдарындағы ақпараттық ресурстарды тегін пайдалануға;

11.2.8. оқу орнының кітапхана, акт, спорт, оқу залдарын тегін пайдалануға;

11.2.9. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты жұмыспен қамту саласындағы ахуал туралы ақпарат алуға;

11.2.10. өз пікірі мен көзқарасын еркін білдіруге;

11.2.11. адами абыройын сыйлауға;

11.2.12. оқудағы, ғылыми және шығармашылық табыстары үшін көтермеленуге, марапатталуға;

11.2.13. оқудан бос кезінде жұмыс істеуге;

11.2.14. Мекеменің өзін-өзі басқару органының жұмысына қатысуға;

11.2.15. қосымша, оның ішінде ақылы білім алуға;

11.2.16. Мекеменің қызметін жақсартуға ұсыныстар жасап, оны жүзеге асыруға қол жеткізуге.

11.3. Студентер мыналарға міндетті:

11.3.1. кәсіби шеберлікті ғылым негізі білімдерін адал игеруге, өздігінен білімін арттырып, оны тәжірибеде жүзеге асыруға, ұжымның қоғамдық өміріне белсенді қатысуға;

11.3.2. қоғамдық-пайдалы өндірістік еңбекке өз үлесін қоса отыра, оқу, еңбек және өндірістік тәртіп, еңбекті қорғау мен тазалық талаптарын қатаң сақтауға;

11.3.3. мемлекет мүлкі мен меншігін сақтап, нығайту, табиғатты қорғау және оның байлығын арттыруға;

11.3.4. Өзін Отан қорғауға дайындауға, дене шынықтырумен айналысуға, салауатты өмір салтын ұстануға, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға;

11.4. Ата-аналардың немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорсыз қалған жетім балаларды оқыту толық мемлекет тарапынан қамтамасыз етіледі.

11.5. Оқу кезінде оқушыларды апаттар мен зілзалаларды жою жағдайында оқу білімге, қалған уақыттарда оқу процесімен байланысы жоқ жұмыспен айналысуға тартуға тыйым салынады.

11.6. Оқудағы ерекше жетістіктері мен табыстары, қоғамдық өмірге белсенді қатысқандары үшін студенттерге әртүрлі моральдық және материалдық көтермелеулер белгіленеді:

- алғыс;

- ата-аналарына алғыс хат;
- сыйақы;
- бағалы сыйлық.

Кәтермелеу формасын Мекеме әкімшілігі оқушылар және инженерлік-техникалық ұжымдардың ұсынысы бойынша таңдайды.

11.7. Мекемені аяқтаған және мемлекеттік аттестациядан өткен студент - түлектерге Қазақстан Республикасының белгіленген үлгідегі кәсіби білім мен біліктілігіне сәйкес құжат беріледі.

11.8. Мекеменің өндірістік оқыту, арнайы және жалпы техникалық пәндерінен және оқу жоспарының басқа да пәндерінен кемінде 75% алған оқушыларды «5» (өте жақсы), басқа пәндерінен «4» (жақсы) бағасы бар, мемлекеттік аттестацияны «5» (өте жақсы) деген бағаға тапсырған, қоғамдық іс-шараларға белсене қатысқан оқушыларына үздік үлгідегі құжат тапсырылады.

11.9. Мекеме кәмелет жасқа толмаған оқушылардың ата-аналарына және басқа заңды өкілдеріне келесі мүмкіндіктерді береді:

11.9.1. өз балаларының оқу жағдайы мен тәртібі, үлгерімі, оқу-тәрбие үдерісінің мазмұнымен танысуға;

11.9.2. Мекемені басқару органының жұмысына қатысуға.

11.10. Ата-аналар және басқа заңды өкілдер мыналарға міндетті:

11.11.1. оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде Мекемеге көмек көрсетуге;

11.11.2. оқу орнында балалардың сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге.

11.11. Жарғыны, Ішкі тәртіп қағидасын жүйелі түрде бұзған, сабақты босатқан, үлгерімі нашар немесе оқығысы келмеген студенттерге Мекемеден шығаруға дейінгі шаралар қолданылады.

11.12. Қасақана материалдық шығын келтірген жағдайда оның құны айыпты адамнан белгіленген тәртіп бойынша өндіріліп алынады.

12. МЕКЕМЕНІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

12.1. Мекеме және қызметкер арасындағы еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі.

12.2. Оқытушылардың жұмыс уақыты негізгі және қосымша сабақ кестесімен, үйірмелермен, секциялар және тағы басқа іс-шаралармен анықталады. Жылдық оқу жүктемесі оқу жылының басында тарификациялық тізімді бекіту жолымен белгіленеді және педагогтің айлық жалақысын анықтайтын негізгі құжат болып саналады. Сабақтан бос жұмыс күндерінде оқытушылар өз бетінше әзірленумен, жұмыс орындарын жетілдірумен, әдістемелік жұмыспен, студенттердің ата-аналарымен кездесу жұмыстарымен айналысады.

12.3. Ауысым бойынша жұмыс істейтін қызметкерлердің уақыты заңнамалық белгіленген нормаларға сәйкес бекітілген кестемен анықталады.

12.4. Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес басқа қызметкерлердің жұмыс аптасының ұзақтығы белгіленеді.

13. ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

13.1. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Уәкілетті органның шешімі бойынша жүргізіледі.

13.2. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

14. ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

14.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және басқа да заңнамалық актілермен қаралған тәртіпте Мекеме қайта құрылуы мүмкін.

Мекемені қайта ұйымдастыру қосылу, бірігу, бөліну, қайта құру, бөліп шығару және заңнамамен қарастырылған басқа да нысандарда жүргізіледі.

14.2. Мекеме өз еркімен (Уәкілетті органның шешімі бойынша) және мәжбүрлі түрде (сот шешімі бойынша) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен және басқа да актілермен қаралған тәртіпте және негізде таратылуы мүмкін.

15. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

15.1. Қаржылы-шаруашылық қызметті талдау және мемлекеттік бақылау үшін Мекеме белгіленген заңнама тәртібімен бухгалтерлік және статистикалық есеп жүргізеді, өз қызметінің нәтижелерін есептеуді жүзеге асырады.

15.2. Мекеменің қызметі кезінде туындаған барлық даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Келіссөз арқылы шешілмейтін даулар белгіленген заңнамасындағы заңнамамен шешіледі.

Денисград ауыл шаруашылық
қалмақ директоры



Р.А. Тастемиров